

Қазығұрт ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы

Түркістан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 19 желтоқсандағы № 359 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 28 желтоқсанда № 31337 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 4-2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Сауда қызметін реттеу туралы" Заңының 8, 12-баптарына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушысының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 "Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11148 болып тіркелді) бұйрығына сәйкес, Қазығұрт ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазығұрт ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын және бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазығұрт ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазығұрт ауданының әкімі

А. Абдуллаев

Қазығұрт ауданы әкімдігінің
2022 жылғы 19 желтоқсандағы
№ 359 қаулысына қосымша

Қазығұрт ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары

№	Нақты орналасқан жері	Алып жатқан алаңы, (шаршы метр)	Сауда қызметін жүзеге асыру кезеңі, (жыл)	Қызмет саласы	Жақын орналасқан инфрақұрылым (ұқсас тауарлар ассортименті сатылатын сауда объектілері, сондай-ақ қоғамдық тамақтану объектілері)
	Қазығұрт ауылы, Д.Қонаев көшесі, "TS"				

1.	жанар-жағар май құю бекетіне қарама-қарсы	585,0	5	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату	"Аружан" дүкені , "Нұрали лайф" кафесі
2.	Шанақ ауылы, М. Өтенов көшесі, № 6 үйдің сол жағында	150,0	5	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату	"Ақкүл" дүкені
3.	Сарапхана ауылы, Жібек-жолы көшесі, " 200,0 Шарапхана" мал базарына қарама-қарсы		5	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату	"Қағанат" кафесі
4.	Сынтас ауылы, Бәйдібек көшесі, "Қарабау" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қоймасына қарама-қарсы	180,0	5	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату	"Шыңғыс" дүкені
5.	Шарбұлақ ауылы, Т.Батырбеков көшесі, "Сапа- 2002" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ғимаратына қарама-қарсы	300,0	5	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату	Жоқ
6.	Қаржан ауылы, А.Қосанбаев көшесі, № 6А үйдің сол жағында	140,0	5	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату	"Бауыржан" дүкені
7.	Көкібел ауылы, А.Құралов көшесі, № 74 үйдің оң жағында	200,0	5	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату	Жоқ
	Тұрбат ауылы, Бейбітшілік көшесі, Қазығұрт аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, д е н е				

8.	шынықтыру және спорт бөлімінің Қазығұрт аудандық мәдениет сарайы " мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының " Тұрбат" мәдениет үйіне қарама-қарсы	" 180,0	5	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату	"Агро" дүкені
9.	Қызылқия ауылы, Н.Мұратов көшесі, Намазбай ата" тойханасының сол жағында	" 75,0	5	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату	"Гүлжан" дүкені
10.	Қызылқия ауылы, Д.Болыс көшесі, Курбанбаев С" жанар-жағар май құю бекетінің оң жағында	" 75,0	5	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату	Жоқ
11.	Заңғар ауылы, Ақниет көшесі, № 11 үйдің оң жағында	250,0	5	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату	Жоқ
12.	Қақпақ ауылы, Д.Қонаев көшесі, "Қақпақ" орталық мешітінің сол жағында	250,0	5	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату	Жоқ
13.	Жігерген ауылы, Т.Мырзабеков көшесі, № 30А үйдің сол жағында	1200,0	5	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату	"Жанболат" дүкені
14.	Рабат ауылы, Жібек-жолы көшесі, № 2А үйдің сол жағында	1200,0	5	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату	"Бақдаулет" дүкені

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК